

Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрі және оларды мемлекеттік тіркеуді ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3379

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің бірыңғай эталондық банкін жасау мақсатында қаулы етемін:

1. 1997 жылғы 1 қыркүйектен бастап, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрі енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрін жүргізу Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне және оның аумақтық органдарына жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Орталық сайлау комиссиясы, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мемлекеттік тергеу комитеті, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі орталық атқарушы органдары, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының өкілді және атқарушы органдары 1997 жылдың 1 сәуірден бастап өздерінің азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын немесе ведомствоаралық сипаты бар, соның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясы күшіне енгеннен кейін шығарылған нормативтік актілерін тиісінше Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, оның аумақтық органдарына мемлекеттік тіркеуге ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрі туралы ережені бекітсін;

2) Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрін қалыптастыру мен жүргізу үшін қажетті қаражаттың бөлінуін қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын шығарылған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

5. Қазақстан Республикасының прокуратура органдары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарына ведомстволық нормативтік құқықтық актілер мен жергілікті өкілді және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілеріне құқықтық сараптама жүргізуге жәрдемдесетін болсын.

6. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ